

Тақырыбы:

**Атқарушылық құжат
және оларды
орындауға беру
мерзімдері**



**Атқарушылық
құжаттар- заңмен
белгіленген соттың
және өзге де органың
орындауға жататын
құжаттары.**

Мыналар атқарушылық құжаттар болып табылады:

- 1) **сот актілерінің негізінде берілетін атқарушылық парақтар;**
- 2) **Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес берілетін сот бұйрықтары;**
- 3) **Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық, шетелдік соттардың және төрелік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы сот актілерінің негізінде берілетін атқарушылық парақтар;**

4) төреліктің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін **атқару парақтары;**

5) соттардың талап қоюды қамтамасыз ету туралы немесе талап қоюды қамтамасыз етудің күшін жою туралы **ұйғарымдары;**

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы [кодексі](#)нде көзделген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша шығарылған **сот қаулылары;**

7) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды тұлғаның) **қаулылары;**

8) талаптарын мәжбүрлеп орындату туралы **прокурордың қаулылары;**

9) атқару санкциясын өндіріп алу туралы **сот орындаушысының қаулылары;**

10) сот орындаушысының атқарушылық іс-әрекеттер жасау кезінде келтірілген **шығыстарды өтеу туралы қаулысы;**

11) жеке сот орындаушысының өзінің **қызмет ақысының сомасын бекіту туралы қаулысы;**

12) әкімшілік жаза қолдануға уәкілеттік берілген орган берген **айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамалар;**

13) атқарушылық жазба.

14) қылмыстық іс бойынша шығарылған
мүлікке тыйым салу туралы **сот қаулысы.**

Атқарушылық құжат жоғалған жағдайда

атқарушылық құжатты берген орган Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен беретін оның **телнұсқасы** өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

Атқару парағының немесе сот бұйрығының телнұсқасы **өндіріп алушының арызы** немесе **сот орындаушысының ұсынымы, әділет органының өтінішхаты** бойынша атқару құжаттарының телнұсқаларын бере алады.

- Сот атқару құжатының телнұсқасын беру туралы арызды ол сотқа келіп түскен **күннен бастап он жұмыс күні ішінде** қарайды және шешеді.

Шешім дереу орындалатын жағдайларды қоспағанда, **заңды күшіне енгеннен кейін** Азаматтық процестік Кодексте белгіленген тәртіппен **орындауға жіберіледі.**

Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін **атқару парағы жазылып** беріледі.

Атқару парағын бірінші сатыдағы **сот шешім заңды күшіне енген** немесе **іс жоғары тұрған соттан қайтарылған** күннен бастап **үш жұмыс күні ішінде** жазып береді.

Атқару құжаты **электрондық атқару құжаты** нысанында жазылып берілуі мүмкін.

Атқару құжатының нысанын атқару құжаттарының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті әділет органы бекітеді.

Атқару құжатында **(атқару парағында)**:

- шешім шығарған соттың атауы;
- істің нөмірі және шешім шығарылған күн;
- шешімнің қарар бөлігі (сөзбе-сөз);
- шешімнің заңды күшіне енген күні;
- атқару құжаты берілген күн;

- **өндіріп алушының**
- тегі, аты және әкесінің аты;
- туған күні;
- оның тұрғылықты немесе орналасқан жері, оның тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер және жеке сәйкестендіру нөмірі;
- егер өндіріп алушы заңды тұлға болып табылса, оның атауы;
- іс жүзінде орналасқан жері;
- банктік деректемелері мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

борышкердің тегі, аты және әкесінің аты, туған күні, оның тұрғылықты немесе орналасқан жері, оның тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтер, оның жұмыс орны және борышкер жұмыс істейтін заңды тұлғаның банктік деректемелері туралы мәліметтер, банктік деректемелер мен жеке сәйкестендіру нөмірі немесе егер борышкер заңды тұлға болып табылса, оның атауы, іс жүзінде орналасқан жері, банктік деректемелері мен бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетілуге тиіс.

Соттың әрбір шешімі бойынша **бір атқару құжаты беріледі.**

Атқару құжаты **өндіріп алушыға беріледі** не оның арызы бойынша сот аумағы бойынша тиісті **әділет органына** не **жеке сот орындаушысына** орындау үшін жібереді.

Келесі жағдайларда сот өз бастамасымен ол жазылып берілген күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей атқару құжатын аумағы бойынша тиісті әділет органына орындауға жібереді:

- мүлік тәркіленген;
- мемлекет кірісіне өндіріп алынған;
- қылмыспен келтірілген нұқсан өндіріліп алынған;
- алименттер өндіріліп алынған;

- тарапы мемлекет болып табылатын
мертігуден немесе денсаулыққа өзге
зақым келуден, асыраушысынан
айырылудан келтірілген зиянның орны
толтырылған жағдайларда,

Атқарушылық құжаттар мәжбүрлеп орындатуға мынадай мерзімдерде беріледі:

- сот актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқарушылық парақтар,
- үш жыл ішінде;
- төреліктің шешімдерін, халықаралық және шетелдік төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары - **үш жыл ішінде;**

- соттардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарған қаулылары - **бір жыл ішінде;**
- әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның (лауазымды адамның) қаулылары, - **бір жыл ішінде;**
- прокурордың қаулылары - **үш ай ішінде;**
- атқарушылық жазбалар - **үш жыл ішінде** берілуі мүмкін.

- мемлекеттік сот орындаушысының атқарушылық санкцияны өндіріп алу туралы қаулылары - **үш жыл ішінде;**
- сот орындаушысының атқарушылық әрекеттер жасау кезінде келген шығыстарды өтеу туралы қаулылары - **үш жыл ішінде;**
- жеке сот орындаушысының өз қызметіне төленетін ақы сомаларын бекіту туралы қаулылары - **үш жыл ішінде;**

- соттың қылмыстық іс бойынша шығарылған мүлікке тыйым салу туралы қаулылары - **бір жыл ішінде;**
- қылмыстық теріс қылық және қылмыс үшін **айыппұл өндіріп алу туралы атқарушылық парақтар** үкім заңды күшіне енгеннен кейін:
 - қылмыстық теріс қылық үшін сотталған кезде **бір жыл ішінде;**

- онша ауыр емес қылмыс үшін сотталған кезде **үш жыл ішінде;**
- ауырлығы орташа қылмыс үшін сотталған кезде **алты жыл ішінде;**
- ауыр қылмыс үшін сотталған кезде **он жыл ішінде;**
- аса ауыр қылмыс үшін сотталған кезде **он бес жыл ішінде** орындауға ұсынылуы мүмкін.

***НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!***